



ЗАМАНАУИ МЕГАПОЛИСКЕ АЙНАЛДЫ

7-БЕТ | АСТАНА – 25



ЖОЛ КЕПТЕЛІСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖАСТАРҒА ҚАНДАЙ КӨМЕК БАР?

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

ЕЛОРДА ТОЙЫ – ЕЛ ТОЙЫ

Елорданың 25 жылдығына орай Астанада 100-ден аса мерекелік іс-шара ұйымдастырылады. Бірқатар қайырымдылық акциясы, мәдени-спорттық іс-шаралар басталып та кетті. Биылғы елорда күні мерекесі қаланың барлық ауданында, сонымен қатар, тұрғын алаптарында өтеді. Мерекеге арналған іс-шаралардың 90 пайызы көрермендер үшін тегін болады.



12

№78
(4511)

Сейсенбі
4 шілде
2023 жыл



АСТАНА

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР ФОРУМЫ

Астанада бауырлас қалалар әкімдерінің форумы өтеді.

2023 жылғы 5 шілдеде «Астананың 25 жылдығы. Жаңа перспективалар. Жаңа мүмкіндіктер» тақырыбымен өтетін форумның салтанатты ашылуына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысады деп күтілуде. Форум аясында қалаларды дамытудың өзекті мәселелерін және олардың қазіргі жаһандық әлемдегі өсу мен инновацияның басты орталықтары ретіндегі рөлін талқылау жоспарланған.

Халықаралық сессиялар бауырлас қалалар әкімдерінің, әлемнің 15 елінен беделді сарапшылардың, әлемдік бизнес көшбасшыларының, қаржы институттарының, мемлекеттік және ғылыми қайраткерлердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, жергілікті және шетелдік БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтеді.



Оңалхан ӨНЕРХАН

ҰЛТТЫҢ ҮНІ – ДОМБЫРА

Астанада Ұлттық домбыра күні мерекесі кең көлемде аталып өтті. Төл аспабымыздың салтанатына еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін атсалысты. «Бәйтерек» монументінің маңайы, ЭКСПО алаңы, Дина Нұрпейісова ескерткіші аумағы, М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының жаны мереке ошағына айналып, күй күмбірлеп, ән әуеледі.

5

ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ ШАҚЫРАДЫ

Елорданың 25 жылдығына орай «ЭКСПО» халықаралық көрме орталығы аумағында шығыс жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Жәрмеңке 5-7 шілде күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейтін болады.

«Елорда базары» аталатын шығыс жәрмеңкесінде қала тұрғындарын еліміздің әр өңірінен келген үздік фермерлік шаруашылықтары мен тауар өндірушілердің ең тиімді бағадағы жаңа өнімдері күтеді.

Сонымен қатар еліміздің үздік дизайнерлері мен қолөнершілері этностильдегі жинақтарын, зергерлік және керамикалық, киізден және жібектен жасалған бұйымдары мен

кәдесыйларын ұсынады. Мерекеге орай барлық өнімдерге үлкен жеңілдіктер болады және жұртшылыққа арнап көше тағамдары дайындалады.



СПОРТ ҚАЛАСЫНА АЙНАЛДЫҚ...

Елорда күні мерекесі қарсаңында деңгейі жоғары үш бірдей жарыс өтті. Қазақ күресінің мәртебесін көтерген «Қазақстан барысы-2023», бокстан өткен «Elorda Cup» дәстүрлі турнирлері мен «BI GROUP IRONMAN 70.3 ASTANA» триатлон сайысы астаналықтар мен қала қонақтарының көңілін көтеріп, елордамыздың мерекесін айшықтай түсті.

9

ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Астанада 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған шағын несие беру басталды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Өтініш берген сәтте жастардың жеке кәсіпкер ретінде тіркелген уақыты 5 жылдан аспауы тиіс. Жас кәсіпкерлер 5 миллион теңгеге дейін жылдық 2,5% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бойынша 5 жылға дейін несие ала алады. Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кезінде шағын несие мерзімінің үштен біріне дейін жеңілдік кезеңі қарастырылған.

Аталған микрокредит кепіл мүлікпен қамтылуы міндетті.

Микрокредит алуға өтініштер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың Астана қаласындағы филиалында Астана қаласы, Тұран даңғылы, 19/1, «Әдем» БО мекенжайында қабылданады (анықтама телефоны: 8-701-006-16-38, коллцентр 5353).

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.97 \$ USD/KZT 448.13 ₰ RUB/KZT 5.01 ¥ CNY/KZT 61.85

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биылғы бірінші жартыжылдықта жүзеге асырған ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық ахуал, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар, төлем балансының динамикасы, сондай-ақ БЖЗҚ, Ұлттық қор активтері мен алтын-валют

та резервтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, Ұлттық банк қабылдаған шаралардың нәтижесінде инфляция бәсеңдеп келеді және банк болжамына сай қалыптасып отыр. Сонымен қатар Прези-

дентке Ашық банкинг тұжырымдамасын қолданысқа енгізу және төлем нарығын реттеу мәселелері жөнінде мәлімет берілді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған міндеттер жүктеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев University Medical Center корпоративтік қорының басқарма төрағасы Юрий Пяны қабылдады. Президентке University Medical Center корпоративтік қоры қызметінің нәтижесі мен алдағы жоспары туралы баяндалды. Мемлекет басшысына мекеме негізінде алғашқы Интеграцияланған академиялық медициналық

орталық құру арқылы UMC-ді трансформациялау барысы туралы мәлімет берілді. Негізгі мақсат – білім беру, зерттеу ісін және клиникалық тәжірибені тоғыстыра отырып, медициналық қызмет сапасын жақсарту.

Юрий Пя Қасым-Жомарт Тоқаевқа заман талабына сай дәрігерлерді даярлау үшін Қордың жүзеге асырып жатқан шаралары туралы

айтты. Сондай-ақ еліміздегі медициналық білім беру ісін жетілдіру перспективалары туралы көзқарасын жеткізді. Кездесу барысында отандық денсаулық сақтау жүйесінің түйткілді мәселелері, соның ішінде қолданыстағы инфрақұрылымды тиімді пайдалану және Қазақстанда медициналық көмек көрсету сапасын арттыру шаралары талқыланды.

ТЕРРОРИЗМНЕН ҚОРҒАНУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Елорда әкімдігінде қала басшысы Жеңіс Қасымбектің төрағалық етуімен Астана қаласының терроризмге қарсы комиссиясының отырысы өтті. Отырыста діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу шаралары талқыланды. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты ақпарат таратты.



Басқосуда комиссия мүшелері – жастар саясаты мәселелері, білім беру, дін істері басқармасының жетекшілері, Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа

аудандарының әкімдері, сондай-ақ қалалық полиция департаментінің экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы сөз сөйледі. Күн тәртібіне

сәйкес жастар арасында деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу, 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының 2023 жылға белгіленген көрсеткіштеріне қол жеткізу мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ комиссия мүшелері террористік тұрғыдан осал нысандардың терроризмнен қорғану деңгейін арттыру бағытындағы іс-шараларды талқылады. Отырыс соңында елордада діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруға айрықша назар аударылды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Францияда тәртіпсіздікке қатысқан 1100-ден аса адам қамауға алынды.

Францияда сейсенбі күні басталған жастардың бой көтеруі әлі де тыйылған жоқ. Ішкі істер министрлігінің соңғы мәліметтері бойынша, 1100-ден аса адам қамауға алынды. Олардың көбісі – 13 пен 14 жасар бозбалалар. 79 полицей жарاقات алып, 234 ғимаратқа өрт салынған немесе зақым келген. Жаппай тәртіпсіздік бірнеше ірі қалада болып жатыр. Арасында Париж, Марсель, Лион, Тулуза, Страсбург және Лилль бар.



Жасанды интеллект 300 млн адамды жұмыссыз қалдыруы мүмкін.

Сарапшылардың пікірінше, Гонконг, Израиль, Жапония, Швеция және АҚШ жұмыс орындары ең көп қысқаратын 5 ел қатарына кіреді. Дегенмен қол күшін қажет ететін мамандықтарға айтарлықтай әсер етпейді. Негізінен, графикалық дизайнер, бағдарламашы, есепші, тілші, жазушы және мұғалім секілді маман иелеріне қауіп төніп тұр. Жасанды интеллектің ендіру еңбек өнімділігін арттырып, әлемдегі жалпы ішкі өнімді 7%-ке көбейтеді.



Өзбекстан 2030 жылға қарай мақта экспортынан бас тартуы мүмкін.

Оның орнына туризм саласын дамытып, түсетін пайданы 5 млрд долларға дейін жеткізбек. Қазіргі көрсеткіш 1 млрдтан асады. Мақта егу тоқтағанымен, тоқыма өндірісі үзілмейді. Тәуелсіздік жылдары мемлекетте кластерлік шаруашылық құрылып, осы салада жұмыс істейтін 350 фабрика бой көтерді. Алашапанды ағайын «ақ алтыннан» емес, саяхатшылардан кіріс көбейгенін айтып отыр.

АСТАНАНЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНАДЫ

11 шілдеде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелеріне қатысты жиын өткізеді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Осы айдың 11 күні Президент «Астана бас жоспарында» белгіленген елорданың мәселелері бойынша үлкен жиналыс өткізеді. Ең басты мәселе – Бас жоспар және қаланы абаттандыру, көгалдандыру, қалада тұратын азаматтарға және қонақтарға жайлы жағдай жасау. Сондықтан осы бағыттарға қала бюджетін нақтылауда 20 млрд теңгеден астам қаражат көзделіп отыр. Жалпы, Мемлекет басшысы Астана қаласына ерекше назар аударып, жарты жылдың ішінде екінші рет осы мәселе бойынша жиналыс өткізбек. Ол жерде Үкімет мүшелері толығымен болады» деді Жеңіс Қасымбек қалалық мәслихат отырысында.

Қала басшысы LRT құрылысы бойынша ғана алдағы 2-3 жылға 250-300 млрд теңге қаражат қажеттігін атап өтті. Мұнан бөлек,



№3 жылу-электр орталығын, кәріз жүйелерін, басқа да нысандар салуға қомақты қаражат керек болады. «Президенттің ерекше назарының көмегімен қаржы органдары, Үкімет пен өзге де

салалық министрліктер арқылы 2024-2026 жылдарға арналған бюджетке қосымша қаржы тартамыз деп үміттенеміз. Жалпы, алдағы 2-3 жылда бюджетті толықтыру қиын болады» деді әкім.

ЖАҢА АВТОБУС БАҒДАРЛАРЫ

Астана әкімдігі соңғы рет 2019 жылы жаңа автобустар сатып алған. Биыл қалалық мәслихат осы олқылықтың орнын толтырып, 400 автобус сатып алу туралы шешім қабылдаған. Соның ішінде 55 автобус сатып алынған. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті. Ол қалада жаңадан 6 автобус бағдары ашылатынын жеткізді. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында автобус жетіспеушілігі, жаңа бағдарлар ашу, автобус жүргізушілерінің тапшылығы, билетсіз жүретін жолаушылар, ерекше қажеттілігі бар жандардың қоғамдық көлікте жүріп-тұруы және тағы басқа өзекті мәселелер талқыланды.



«Қозғалыс аралығын сақтамау, қызметкерлердің жағымсыз мінез-құлқы, сондай-ақ бағыттық желіні өзгерту бойынша ұсыныстар – қала тұрғындарының iKomet қызметіне қоғамдық көлік жұмысына шағымдарының негізгі тізбегі осындай. Айтпақшы, ай сайын қызмет нөмірлеріне 3 мыңға жуық қоңырау түседі. Сонымен қатар, бүгінде елордада жүргізушілердің тапшылығы күрт байқалады. Автобуста билетсіз жүретін жолаушылардың мәселесі тағы бар, соңғы аялдамаларда жүргізушілер үшін қажетті инфрақұрылым жоқ. Мәселен, жыл сайын қоғамдық көлікте билетсіз жүргендердің іс-қимылынан келетін шығын-

ның көлемі 2,8 млрд теңгені құрайды. Кадр тапшылығы – 1000 маман. Осындай мәселелер қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында ашық айтылды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Оның айтуынша, қалалық әкімдік соңғы рет 2019 жылы жаңа автобустарды сатып алған. «Биыл Астана мәслихатының қолдауымен 400 бірлік автобус сатып алу туралы шешім қабылданды, оның 55-і жеткізілді. 6 жаңа автобус бағдарын ашу мәселесі қарастырылуда. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, айналма маршруттарды енгізуді қарастыруды, аялдамалардың соңғы пункттерін ретке

келтіруді қарадық. Бір мандатты округтер бойынша сайланған депутаттардың пікірін ескере отырып, елорда аудандарына маршруттарға жаңа автобустардың бөлінуіне талдау дайындауды тапсырдым. Сондай-ақ қалада ерекше қажеттілігі бар жандарға қолайлы жағдай туғызу мәселесіне ерекше назар аудару тапсырылды. Сессия қорытындысы бойынша қоғамдық көлік жұмысындағы ескертулерді, шағымдар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге тапсырма жүктелді. Жыл соңында жауапты азаматтар атқарылған жұмыстар туралы есеп беруі керек» деп сөзін түйіндеді қалалық мәслихат төрағасы.

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Астана күні қарсаңында қалалық мәслихат депутаттары үш азаматқа «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім шығарды.

– Астана шағын қаладан ірі мегаполиске айналды. Елорданың өсіп-өркендеуі азаматтардың ерен еңбегімен жүзеге асуда. Сондай тұлғалардың қатарына Серік Ақшолоқов, Қайсар Омаров, Николай Тихонюкті жатқызуға әбден болады. Бас қаланың қалыптасуы мен дамуына қомақты үлес қосқан тұлғаларға «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беруге ұсынамын, – деді мәслихат отырысына қатысқан елорда әкімі Жеңіс Қасымбек.

Ұсынылған азаматтар болмыс-бітімімен танылып, қабілет-қасиетімен ерекшеленеді. Серік Ақшолоқов ұзақ жылдар денсаулық сақтау саласында қызмет атқарып, Ұлттық нейрохирургия орталығының жұмысын жүйелеуге

еңбек сіңірді. Парламент Сенатында депутат ретінде ұзақ жылдар қызмет еткен Қайсар Омаров заңнамалық базаны жетілдіруге үлес қосты. Ол құрылыс, үлестік қатысу және тағы басқа мәселелер бойынша заңнамалық базаны жақсартта түсті. Ал Николай Тихонюктің басшылығымен Астананың символы – «Бәйтерек» кешені, әлемдегі ең биік шатырлы ғимарат – «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы, теңізден ең алыс орналасқан «Думан» океанариумы, «Астана Опера» опера және балет театры, «Сарыарқа» велотрегі және тағы басқа жобалар бой көтерді. Яғни елорда құрылысында өзіндік ізі бар құрылысшы маман әрі менеджер.

Мәслихат депутаттары қала әкімінің ұсынысын қолдап, бірауыздан дауыс берді.

Айта кететіні, Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 6 қарашадағы шешімімен «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру ережесі бекітілді. Содан бері «Құрметті азамат» атағы беріліп келеді. Бұл қатарда Грекия мен Молдованың бұрынғы Президенті Константинос Стефанопулос пен Петру Лучински, Францияның мемлекет қайраткері Жак Аттали, Түркияның іскер азаматы Феттах Таминджени атауға болады. Ғылым, өнер, әдебиет, мәдениет саласында еңбек сіңірген Әзербайжан Мәмбетов, Шерхан Мұртаза, Мырзатай Жолдасбеков, Төлеген Мұхамеджанов, Бибігүл Төлегенова бар. Әр жылдары Астана қаласын басқарған Әділбек Жақсыбеков, Темірхан Досмұхамбетов, Өмірзақ Шөкеев, Асқар Маминді де құрметтілер тізімінен табуға болады.

АҒАШТАРДЫ СУАРУҒА ЖАУАПСЫЗ ҚАРАМАЙЫҚ

Елордада жыл сайын егілетін көшеттерді, тал-ағаштарды суару тәсілдері өзгереді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Ол ағаштарды суаратын машиналар жұмысының тиімсіздігін дәлелдегенін айтады.

«Елордада жасыл желектерді суару, күтіп ұстау мәселелеріне қайта оралдық. Бұл мәселе – Мемлекет басшысының басты назарында. Ағаштарды суару машиналары жұмысының тиімсіздігін атап өттім. Суару үшін ұңғымаларды бұрғылау мәселесін зерттеу қажет. Аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берілді. Штатта қажетті мамандар болуы үшін қаланы көгалдандырумен айналысатын

жеке компанияларға қойылатын техникалық талаптарды қатаңдату қажет» деп түсіндірді мәселенің мәнісін Е.Каналимов.

Ол жылда бас қаланың «жасыл белдеуінде» отырғызылатын тал-ағаштардың толықтай суару жүйесімен қамтамасыз етілмейтінін ашық айтты.

«Жыл сайын біз қала бойынша жүздеген мың ағаш отырғызамыз. «Жасыл белдеуде» миллион бұта отырғызғанмызбен,

жауапты адамның жоғына байланысты оларды суару жүйесімен толық қамтамасыз ете алмаймыз. Жасыл желектерді суару үшін жерасты суының қорын, олардың жарамдылығын егжей-тегжейлі талдау, сонымен қатар, суару тәсілдерін өзгерту қажет» деді мәслихат төрағасы.

Оның пікірінше, бірқатар басқармадан көгалдандыру және абағандыру функцияларын алып тастау және аудан әкімдіктеріне беру туралы мәселені пысықтау қажет.

«Алдағы үш жылға арналған жасыл желектер мен көгалдандыруды есепке алуды биылдың өзінде-ақ қабылдауымыз керек. Астана жасыл қалаға айналуы тиіс» деп жазды Е.Каналимов.

«РИЗАШЫЛЫҚ БҰЛАҒЫ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Бас қаладағы №69 «Еркем-ай» балабақшасында Ұлттық домбыра күніне және Астана-мыздың 25 жылдық мерейтойына арналған «Нағыз қазақ – домбыра» атты ұлттық-патриоттық кеш өтті.

Осы қос мерейтойға орай балабақша аумағында «Ризашылық бұлағы» аллеясы мен ашық аспан астындағы сахна ашылды. Мерекелік концерт аясында балдырғандардың «Болашақ» ансамблі мен шулы оркестрі, сондай-ақ «Ата-әжелер академиясының» «Дәуір» ансамблі өз өнерін паш етті. Балабақша балапандары «Домбыраның құдіреті» сахналық музыкалық қойылымын көрсетті.



Астраханьда домбыра жасау шеберханасы қайта жаңғырmaq.

Ресейдің Астрахань қаласында ақсақалдар кеңесі құрылды. Жоба тілі мен ділін ұмытып бара жатқан қазақ жастарын тәрбиелеу мақсатында қолға алыныпты. Астрахандық ағайын ұмыт болған домбыра жасау шеберханасын да қайта жаңғыртпақ. Облыста бірнеше домбыра ұжымы бар. Ол – «Шалқыма» қазақ халық аспаптар ансамблі, «Сарыарқа» этнофольклорлық тобы. Ал «Атамекен» домбырашылар ұжымы биыл 45 жылдық мерейтойын атап өтті.



Швейцария студенттері робот-балық ойлап тапты.

Ол силиконнан жасалған. Су астындағы тіршілік иелері шошымас үшін робот-балық дыбыссыз жүзеді. Бұл автономды робот-балық Бэлл деп аталады. Ол – теңіз әлемін зерттеуші-ғалымдардың көмекшісі. Су астындағы ДНҚ үлгілерін жинауға атсалысады. Робот авторлары бұл өнертабыс теңіз биологтарына шамадан тыс балық аулау, ластану және климаттың өзгеруі сынды факторлар әсер еткен әртүрлі РИФ экожүйесінің қалпы мен биоәртүрлілікті зерттеуге көмектеседі деп үміттенеді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың 25 жылдығы аясында өтетін бауырлас қалалар мэрлері форумына келген Рабат қаласы мен Нусантара ұлттық астаналық басқармасының басшысымен кездесу өткізді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



«Кездесу барысында мәдениет, экономика, сауда, туризм және т. б. салалардағы ынтымақтастық мәселелерін талқылап, тәжірибелерімізбен бөлістік.

Астанада өтетін форумға 17 қаланың (10-нан астам мемлекет) мэрлері мен вице-мэрлері қатысады деп күтіліп отыр. Рабат қаласының (Марокко Корольдігі) мэрі Асма Рхлалумен астаналар арасында бауырластық қатынас орнату туралы меморандумға қол қойдық. Сонымен

қатар Нусантара Ұлттық астаналық басқармасының (Индонезия Республикасы) басшысы Бамбанг Сусантомен бірлесе біздің қаламыз бен Нусантара Астаналық басқармасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық. Кездесу барысында мәдениет, экономика, сауда, туризм және т. б. салалардағы ынтымақтастық мәселелерін талқылап, тәжірибелерімізбен бөлістік» деп жазды қала әкімі өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ДЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Жыл сайын «Жасыл ел» сарбаздары қатарында жұмыс істеуге қызығушылық танытқан жастардың саны артауда. Бұл туралы елордалық коммуникациялар қызметі алаңында Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жастарды жұмыспен қамту» атты тақырыптағы брифингте айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың экологиялық шараларға қатысуына әрдайым мән беруде. Мысалы, Линейный саябағында «Жасыл Астана» акциясы аясында 30-ға жуық белсендімен ағаш отырғызу іс-шарасына Президент қатысып, жастарға өз тілегін жеткізді.

Жасөспірімдерді де жұмыспен қамтудың бір тетігі ретінде жыл сайын «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылады. Бағдарлама – жастар мен балаларды экология мәдениетіне, табиғатты аялауға және еңбекке баулуға арналған игілікті бастама. 2005 жылдан бастап қолға алынған бұл жобаның биыл XIX маусымы басталды. Оған 14-тен 35 жасқа дейінгі мектеп оқушылары, студенттер және жұмыссыз жастар қатыса алады.

«Жасыл ел» сарбаздары қаламыздың құрылыс нысанында әртүрлі инженері, технолог, монтаж-құрылыс жұмыстарының шебері) көмекшісі қызметін, қала маңындағы «жасыл белдеуде» ағаш отырғызу, талдар мен көшеттерді қопсыту және суару, ағаштар мен көшеттерге күтім жасау жұмысы арқылы табиғат пен қала келбеті үндестік тапқан бірегей экожүйенің қалыптасуына және қала саябақтары жасыл желегінің күтімімен айналысып, тазалық жұмысын жүргізеді.

Жазғы еңбек маусымында жастарды жұмыспен қамтуға «Базис-А» құрылыс компаниясы, «Астана көгалдандыру құрылысы» АҚ, «Астана орманы» ЖШС, 100-ден астам білім беру мекемесі, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғары оқу орны серіктес болуға келісім берді.



Былыр, нақты айтқанда, 4208 жас жұмыспен қамтылса, биыл да 4200 жасөспірім мен жасты қамту көзделген. Олардың қатарында көпбаланы отбасылардың, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары, сонымен қатар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар да бар. Жобаға қатысатын жастардың барлығы арнайы экипировкамен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда мектеп оқушылары өз мектептерінің ауласын тазарту жұмысын бастап кетті. 14-17 жас аралығындағы жастар кәмелеттік жасқа толмағандықтан, Еңбек кодексіне сәйкес, денсаулығына зиян тигізбейтін, ауыр емес, күніне 4 сағаттан артық емес жұмысқа жұмылдырылады. Ал жұмыссыз жастар құрылыс компанияларына орналасып, жұмыс орнынан жалақы алу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, «Жасыл ел» жобасы аясында қосымша 65 мың теңге көлемінде сыйақы тағайындалады. Жұмыс уақыты – 8 сағат. Осы шілде айында 1788 жас жұмыспен қамтылады.



«АСТАНА – ШАБЫТ АРҚАУЫ»

Елордадағы «Қаламгерлер» аллеясында қала әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйытқы болуымен «Астана – шабыт арқауы» атты рухани-мәдени іс-шара өтті.

Ақын-жазушылармен кездесу циклінің мақсаты – бас қаланың рухани келбетін, әлем алдындағы беделін қалыптастыруда еңбек сіңіріп жүрген қаламгерлерге рухани қолдау көрсету, шығармаларын оқырманға кеңінен насихаттау.

Кездесуде алғы сөз сөйлеген Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен:

– Елордада қаламгерлердің аға буыны қалыптасып, ұлт руханиятына үлес қосып келеді. Бүгінде Астанада Қазақстан Жазушылар одағының 160-тан астам мүшесі тұрады. Жас ақын-жазушыларды рухани



қолдауға мән берілуде. Оның дәлелі екі жыл бұрын жас қаламгерлердің 30-дан астам кітабы жарыққа шықты. Мұндай игі бастама жалғасын таба береді.

Бүгін өздеріңізге ризашылығымызды, сый-құрметімізді көрсетейік деп жинадық» деді.

Астана қаласының 25 жылдығы аясында өткен рухани

жиында Төлен Әбдік, Қойшығара Салғараұлы, Ғарифолла Есім, Әлібек Асқар, Серік Тұрғынбекұлы, Алдан Смайыл, Алтыншаш Жағанова, Шәрбану Бейсенова, Тұрсын Жұртбай және тағы басқа қаламгерлерге елорда әкімінің 500 мың теңгелік сыйақы сертификаты табысталды.

Мәдени іс-шарада ақын-жазушылар қолтаңба сессиясын, кітаптар тұсаукесерін өткізді.

Көрнекті жазушы Төлен Әбдік пен тарихшы-жазушы Қойшығара Салғара Астананың ел дамуындағы маңызына тоқталып, ақын-жазушыларды қолдау маңызды міндеттің бірі екенін айтып, ақжарма батасын берді.

«Ақын-жазушылар елдіктің еңсесін тіктеуге үлес қосып, билік пен халық арасында алтын көпір болып жүр. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ақын-жазушыларды құрметтеу мақсатында 80 қаламгерге сыйақы беріледі» деді ақын, Жазушылар одағының елордадағы басшысы Дәулеткерей Көпұлы.

ТАЛАНТТЫЛАР ТАРТУУЫ

Елорданың Амфитеатр сахнасында қаланың 25 жылдығына арналған «Аялаған Астана» гала-концерті өтті.



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашық аспан астында ұйымдастырылған гала-концерте «Аялаған Астана» республикалық байқауының әр жылдардағы 30-ға жуық қатысушысы өнер көрсетті. Олардың қатарында халықаралық сайыстардың фи-

налистері мен қазақ өнерінің жарық жұлдыздары бар. «Аялаған Астана» байқауы алғаш рет 2013 жылы өткізілді. Бүгінде бұл жоба он жылдың ішінде көптеген бүлдіршінің бағын ашып, үлкен сахнаға шығуға мүмкіндік беретін ыстық ұяға

айналды. Жыл сайын байқауда 8 бен 12 жасқа дейінгі балалар эстрадалық вокалдан бақ сынаиды. Республикалық балалар байқауы 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде аймақтар бойынша іріктеу өтсе, екінші кезеңде – финал. «Аялаған Астананың» жеңімпаздарының

қатарында жас әншілер Болат Батырбаев, Мұхамедали Жүгінісов, Дanelия Төлешова, Жәніл Садуақас және басқалары бар. Ал биылғы жылы үздік атанған қатысушы «Детская Новая Волна» атты халықаралық байқауында Қазақстанның намысын қорғайтын болады.

«Музыкалық телевизиялық байқауға 10 жыл болды. Біз осы гала-концерте әр жылдардағы қатысушыларды, оның ішінде жеңімпаздарды жинауға тырыстық. Бүгінгі концертте байқау қатысушысы болмаса да, Ержан Максим өнер көрсетті. Қатысушылардың арасында әнші Садратдин де бар. Биыл да еліміздің түкпір-түкпіріндегі жас таланттарды жинап, олар елордада өнерлерін ортаға салды. Осылайша, қала күніне орай таланттарымыз тұрғындар мен қонақтарға арнап әннен шашу шашты» деді гала-концерттің қоюшы режиссері Саян Мырза.

ГҮЛДЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

5-6 шілде күндері ЭКСПО аумағында Gul Astana Eco Urban Open Air фестивалі өтеді.

Қаланың жасыл картасы қойылатын бұл іс-шарада барлық ниет білдірушілерге абаттандыру және қоғамдық кеңістіктер жеткіліксіз жерлерді көрсетуге мүмкіндік береді. Фестивальге қатысушылар мұндай аймақтарды картада «түйреуіш» арқылы белгілейтін болады.

Астана қаласы әкімдігі Урбанистика басқармасының мәліметінше, қала тұрғындарының барлық ұсыныстары қаланы көгалдандыру мен абаттандыруды жоспарлау кезінде ескерілетін болады. Фестивальдің ерекшеліктері: Қазақстанның табиғи аймақтарының ландшафтында безендірілген климаттық киіз үйлер, гүл аймағын безендіру



ЕЛОРДА БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

Астана күніне арналған мерекелік онкүндік аясында Тұңғыш Президент кітапханасында «Елорда балалар көзімен», «Менің Астанам» және «Гүлдене бер, Астана!» байқауының қорытындысы айтылып, жеңімпаздары марапатталды.



Тұңғыш Президент кітапханасы мен Астана қаласы әкімдігі әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Елорда балалар көзімен» байқауына 3-5 жас аралығындағы жас суретшілерден 100-ден астам жұмыс келіп түсті. Суретімен көзге түсіп, жеңіс тұғырынан көрінген Аяна Маратова, Тамина Тыныбай, Жанерке Қайыржан есімді бүлдіршіндер үшінші орын иегерлері атанды. Екінші орын Гүлсезім Жарқынбай, Хадия Азатқызы, Жәмила Әбжаниге бұйырды. Ал бірінші орынды Адалин Асанәлі, Әдия Ғалымжанқызы, Аиша Ешенхан иеленді.

Сондай-ақ елорданың жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары арасында өткен «Менің Астанам» қалалық бейнероликтер байқауының да қорытындысы шығарылды. Тұңғыш Президент кітапханасы және Астана қаласы Білім

басқармасымен бірлесіп өткізілген байқаудың мақсаты – жас дарындардың шығармашылық белсенділігін қолдау және олардың бойында патриоттық сезімді ұялату. Аталған байқаудың «Шығармашылық ізденіс» номинациясы бойынша №8 мектеп-лицейінің 2-сынып оқушысы Әлинұр Мансұрұлы жеңімпаз атанды.

Балалардың бойында отансүйгіштік, өз қаласына деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты жастайынан оятуға арналған жыл сайынғы «Гүлдене бер, Астана!» балалар мерекесі биыл да балалар мен үлкендерді қуаныш пен шаттыққа бөледі. Мерекелік іс-шарада елордалық №86 «Зияткер» балабақшасының тәрбиеленушілері театрландырылған, музыкалық және би нөмірлерімен туған қаласына әсем де серпінді қойылымдарын арнады.



бойынша флористер байқауы, арнайы фотоаймақтардың біріңде – екі адамдық жолдама ұтысымен өз сезімін білдірушілердің I LOVE байқауы. Келушілер үшін білім беру және эко-шеберлік сабақтары, яғни PlasticHarahura компаниясынан ресайклинг (қалдықтарды қайта өңдеу және пластиктен өнер туындылары мен бұйымдарын жасау) және апсайклинг (жаңа функционалдарды жасау арқылы материалдар мен заттарды қайта пайдалану) өткізіледі. Сонымен қатар, фестивальде флористер арасындағы байқау, суретшілер, саулетшілер, мүсіншілер арасындағы «Гүл шаһары – Астана» байқауы қорытындыланады.

Сондай-ақ «I LOVE» өз сезімін білдіру және «ЭКОДАР. «Менің қалам – менің үлесім» байқауының жеңімпаздары марапатталады. «GulAstana» бағдарламасында

табиғатқа, қалалық қоршаған ортаға, саналы тұтынуға экологиялық қатынас саласындағы қоғамдастықтардың қызметіне арналған Publiktalk, атақты суретшілердің жанданған картиналарының шеруі, «Жанданған гүлдер» перформативті инсталляциялары болады.

Балалар үшін шеберлік сыныптары мен театрландырылған интерактивті бағдарламалар: құммен сурет салу, гүлді оригами, аппликациялар және саз балшықпен жұмыс жасау алаңдары ұйымдастырылады. Гүл фестивалінің ресми ашылуы 5 шілде сағат 10:00-де EXPO дөңгелек алаңында өтеді (кіру тегін).

Қосымша ақпарат, сондай-ақ аккредиттеу үшін байланыс-фестивальдің баспасөз хатшысы Әйгерім Жантуринаға хабарласуға болады: 8 775-102-13-12.

КҮЙ ЖӘРМЕНКЕСІ

Бас қалада Дина Нұрпейісова ескерткішінің жанында күй жәрменкесін өткізу дәстүрге айналған. Ұлттық домбыра күніне орай осы ескерткіш алдында аталған іс-шара жетінші рет өткізілді.

Райхан
РАХМЕТОВА

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі, Алматы ауданының әкімдігі және «Күй анасы» республикалық қоры ұйымдастырған мәдени-рухани іс-шарада қазақтың күйші-композиторларының танымал күйлері орындалып, олардың тарихы баяндалды. Жиын Дина Нұрпейісованың ескерткішіне гүл қою рәсімінен басталды. Мерекелік іс-шараны сөз сөйлеп ашқан «Күй анасы» қорының басшысы Төлеген Қуанышев пен осы қордың жанынан құрылған ақсақалдар кеңесінің жетекшісі, қоғам қайраткері Ирак Елекеев басты мақсат мереке қарсаңында елорда тұрғындары



арасында халқымыздың төл өнері – күйді дәріптеу және жастар арасында насихаттау екенін жеткізді.

– Астана қаласында домбыра ұстап тұрған 8 ескерткіш бар екен. Осындай жиындар тек осы жерде ғана емес, сол ескерткіштердің жанында өтуі керек. Себебі күй мен домбыра – ұлтты көтеретін, ұлттың

жанын тәрбиелейтін басты құрал, – деді И.Елекеев.

Жиында «Сағыныш сазы» фольклорлық-аспаптық ансамблінің орындауында қазақтың белгілі күйлері орындалды. Осы ұжымның мүшесі, қобызшы Бақытгүл Кәрібайқызы қобызбен Н.Тілендиевтің «Аққу» күйін, Мәдениет қайраткері, күйші Темреш Кереев дом-

бырамен Қазанғаттың «Құс қайтару» күйін орындады. ҚР Мәдениет қайраткері, дирижер, композитор Нұрлан Бекенов Дина анамыздың «Тойбастар» және Құрманғазының «Ақсақ құлан» күйін шертіп, олардың шығу тарихын да айтып берді.

– Адам түрлі себеппен тілін ұмытса да, бала кезінде естіп, санасына сіңген, құлағында қалған үнді ешқашан ұмытпайды. Сондықтан өскелең ұрпақты осы домбыра үнімен тәрбиелеудің маңызы зор. Жастарды кішкентайынан бастап ұлттық өнеріміздің өзегі – күй тыңдату арқылы тәрбиелеу олардың қазақ екенін ешқашан ұмыттырмайды. Сондықтан қастерлі үн, соның ішінде қазақтың үні – күйі жасай берсін! – деді Н.Бекенов.

Белгілі күйші, ұстаз, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айтжан Тоқтаған домбыраның «Тамшы домбыра» деген ерекше түрін халыққа таныстырып, жасалу жолын түсіндірді және сол аспапта Динаның күйін тартып берді. Қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі, Алматы ауданы ардагерлер бірлестігінің жетекшісі Марат Мұстафин «Күйші Дина» ескерткіші және Күйшілер аллеясының тазалығына жауапты қызметкерлердің бірі Гүлбаршын Сарбасоваға ұйымдастырушылар атынан сый және алғыс ретінде домбыра табыстады. Кездесуде елорданың күйші жастарының да өнері көпшілікті тәнті етті. Республикалық «Шабат» және «Қос ішек» байқауларының жүлдегері Аида Ахметова Динаның «Науысқы» күйін нақышына келтіре орындады. Сонымен қатар жиналған ел Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері Әріпбай Досберген мен Кенжебек Әділовтің бірнеше шығармадан күй тартысын тамашалады. Жиын соңында көрермендер арасында күй сайысы ұйымдастырылып, оның жеңімпазы Райна Нарымбет үкілі домбыра ұтып алды және өзге де қатысушыларға «Күй анасы» кітабы табыс етілді.



500 БАЛА КҮЙ ТАРТТЫ

Ұлттық домбыра күні аясында елорданың барлық білім беру мекемесінде Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті.



Челленджі білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Челленджіге Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның

«Қорқыт» этноансамблінің көркемдік жетекшісі, білім беру ісінің құрметті қызметкері, Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек жетекшілік етті. Халық күйі «Тепең көкті», Құрманғазының «Балбырауын» күйі мен Әбдімомун Желдібаевтың «Ерке сұлқым» күйін 500-ден аса бала тартты.

«2018 жылдан бастап Ұлттық домбыра күні аталып өтеді. Бұл аспап қазақ халқының бүкіл тарихын баяндайды. Балаларымыздың қазақ ұлттық аспабы туралы мүмкіндігінше көбірек білгенін қалаймыз. Өткен жылдан бастап қаланың барлық мектебінде домбыра үйірмесі ашылды. Осы жылы ұлттық аспап үйірмесіне

қатысатын балалар саны 2,5 мыңға өсті, мені ойымша, бұл көрсеткіш әлі де артады. Домбыраның тарихы 4 мың жылдан асады. Болашақта елорда мектептерінен Құрманғазы, Дина сияқты көрнекті күйшілердің шыққанын қалаймыз» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Астанадағы «Бәйтерек» монументінің жанында Мәдениет және спорт министрлігі Ұлттық домбыра күніне орай концерт ұйымдастырды.

ТӨЛ АСПАБЫМЫЗДЫҢ САЛТАНАТЫ



Елорда тұрғындары мен қонақтарын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Секен Тұрысбек, Айтқали Жайымов, Рамазан Стамғазиев, Айгүл Елшібаева, Қайрат Кәкімов, Ерлан Рысқали, Айгүл Қосанова, Дінзухра Тілендиева, Айгүл Үлкенбаева, «Астана Опера» опера және балет театры, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі, Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық ұлттық аспаптар оркестрі, жақын шетелдердің әртістері киелі домбыра шанағынан күй әулетті.

– Домбыра – бұл жай ғана аспап емес, қазақ халқының бойтұмары әрі біздің бай музыкалық мәдениетіміздің қайнары. Ұлттық өнерімізді сақтамай, рухани мұрамызды байыту мүмкін емес. Министрлік осы бағытта белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, домбырада және басқа да дәстүрлі аспаптарда ойнау

өнері материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізіміне қосылды. Ал «Ортеке» қуыршақ биі ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енді, – деді Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысының мектеп бағдарламасына домбыра сабағын енгізу жөніндегі бастамасына сәйкес мемлекеттік шығармашылық тапсырыс аясында елімізде 650-ге жуық домбыра үйірмесі жұмыс істейді. Оларға 26 мыңнан астам бала қатысады. Президенттің Жарлығымен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестріне «Ұлттық» мәртебе берілді. Бұл оның қызметкерлерінің еңбекақысын көтеруге мүмкіндік берді. Ал Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы жанынан ұлттық дәстүрлі мәдениет пен өнерді насихаттауға бағытталған «Халық қазына» ұлттық өнер орталығы құрылды.

ДОМБЫРА ДАСТАНЫ

Елорда әкімдігінің қолдауымен, қаланың Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен ЭКСПО алаңында Ұлттық домбыра күніне орай Астананың 25 жылдығына арналған «Домбыра дастаны» мерекелік концерті өтті.

Мерекелік шоу-концерттің мақсаты отандық орындаушылар және елорда тұрғындары мен қонақтары арасында ұлттық аспапты дәріптеу, жас музыканттар мен домбырашылар арасында домбыраның мәртебесін көтеру болды.

«Домбыраның мәртебесі – біздің ұлттық өнеріміздің мәртебесі, ұлтымыздың мерейі. Домбыра ғасырлар бойы қазақ халқының мұң-мұқтажын, қуанышын, ішкі жан дүниесін жырлап келеді. Ұлттық домбыра күнінің белгіленуі

де халқымыздың домбыраға деген құрметінің бір көрінісі дейді ұйымдастырушылар.

Концерт бағдарламасының тұжырымдамасы «Домбыраның дастаны: кеше, бүгін және ертең» идеясына негізделген. Мерекелік кеште «HasSak ethno-folk group» этно-фольклорлық тобы, «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі, Мирас Жүгінісов, Ибрагим Ескендір, Мәди Рымбаев, Құралай Мейрамбек, басқа да әншілер мен балалар оркестрі өнер көрсетті.



Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



АСТАНАДАҒЫ АЗИАДА АЛАМАНЫ

Астана тарихындағы елеулі оқиғаның бірі – 2011 жылы 30 қаңтарда «Астана Арена» стадионында VII қысқы Азия ойындарының байрағы желбіреді. Азияданың ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен еліміздің арнайы шақыртуымен келген Қырғызстан президенті Роза Отунбаева, Әбу-Дабидің тақ мұрагері шейх Мұхаммед бен Заид Әл-Нахаян, Азия Олимпиялық кеңесінің президенті шейх Ахмад әл-Фахад әл-Сабах және халықаралық олимпиада комитетінің президенті Жак Рогге қатысты.

Мерекелік шоуы тамашалаған көрермендер жарысқа қатысушы командаларды қарсы алып, Азия Олимпиялық кеңесінің туы мен әнұранына қошемет көрсетті. Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов пен Азия Олимпиялық кеңесінің президенті шейх Ахмад әл-Фахад әл-Сабах барша қауымды дүбірлі додамен құттықтап, спортшыларға сәт-сапар тіледі.

«Азиада – бұл таңда Азия елдерінің мемлекетімізге деген биік сенімі. Алып құрлықтың елімізге деген жоғары құрметі. Спорт қай кезде де бейбітшіліктің нышаны болған. Әрбір жүлде спортшының жеңісі ғана емес, ол – елдің мақтаншы, мәртебесі, ұлттың ар-намысы» деді елорда басшысы өз сөзінде.



СУБҰРҚАҚТАР СӘН БЕРЕДІ

Елорданың көркін ашып, әсем көрініс сыйлайтын субұрқақтар ауа райының аптап ыстығында көшедегі жүргіншілердің сергіп салқындауына сеп болады. Ел астанасындағы 5 аудан аумағындағы субұрқақтар көшелерге сән беріп, қала тұрғындарына жайлылық сыйлайды.



Елордада мамыр айының басынан бері 70-тен аса субұрқақ іске қосылды. Атап айтсақ, Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының балансында екі субұрқақ нысаны бар. Олар «Жастар» сарайында және «Есіл» сауда үйі аумағында орналасқан.

Ал Сарыарқа ауданында «Өмір ағашы», «Сирень», «Ақжайық», «Атырау», «Жастар театры», «Айналмалы шар», «Әлия Молдағұлова ескерткіші» маңында 10 субұрқақ бар.

Алматы ауданында балансында да 10 субұрқақ пен субұрқақ кешені бар. Президенттік саябақ, «Қазақ елі» алаңы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Отан қорғаушылар алаңы, «Студенттік» саябақ, Абылай хан даңғылы бойындағы же-

леккол қасында орналасқан субұрқақтар аудан аумағына ерекше көрік берді.

Субұрқақтар саны бойынша абсолютті рекордшы Есіл және Нұра аудандары болып саналады. Мұнда барлығы 27 субұрқақ кешені бар, оған 48 субұрқақ кіреді. Оның ішінде «Ақ орда» субұрқағы, Министрліктер үйі жанындағы «Шаршы және би» мен «Нұржол» бульварындағы «Музыкалық» субұрқақ, «ҚазМұнайГаз» ғимараты маңындағы «Дөңгелек», «Каскад», «Кит» және Ғашықтар саябағындағы «Колесо и подкова» субұрқақтары бар.

Одан бөлек, «Астаналық», «Жетісу», «Еңбекшілер» сквері, «Сарқырама» желілік саябағында, ЕХРО-2017, «25 жылдық» саябағында субұрқақтар қосылды. Ботаникалық бақтағы субұрқақ елорда жұрты үшін жаз бойы қызмет етеді.

ЖЫЛ БОЙЫ ОҚУШЫЛАР ҮЗІЛМЕЙДІ

Қосымша білім беру ұйымы қатарындағы елордалық әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы – ерекше жоба. 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай балалар мен жасөспірімдерді дамыту үшін арнайы салынған. Мұнда қазіргі заманның ақпараттануы мен технологиялылығы республика мәдени мұрасының жалғасуымен ұштасады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Оқушылар сарайында білім беру қызметі 2012 жылдың сәуірінен бастап қосымша білім берудің негізгі бағыттары бойынша жүзеге асып келеді. Қазіргі уақытта сарайда 13494 бала қосымша білім алатын 98 үйірме, секция және шығармашылық бірлестік жұмыс істейді. Олар – техникалық шығармашылық радиоэлектроника, робототехника, 3D-модельдеу, лингвистика – шет тілдерін үйрену, актерлік шеберлік, шешендік өнер және әртүрлі спорт түрлері, тағы да басқа үйірмелер бар. Сондай-ақ зертханалар, оқу кабинеттері, планетарий, обсерватория, 300 орындық көпфункционалды концерт залы, 400 орындық театр залы, 264 орындық форумдар, диспуттар, балалар театры, жеңіл атлетика, баскетбол залдары, күрес және тенниспен айналысуға арналған залдар бар. Жыл сайын жаңа үйірмелер ашылып, жаңа жобалар, шығармашылық байқаулар, спорт жарыстары жоспарланады. «Рухани жаңғы-

ру» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Рухани жаңғыру» орталығы ашылып, жұмыс істейді. Сарайға ұлы ғалым әл-Фарабидің есімін беруге байланысты «Фараби орталығы» оқу-тәрбие орталығы ретінде ашылды. Сарайда ғылымды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Химия, математика, физика кабинеттері толық жабдықталған. Материалдық-техникалық базасы нығаюда. Оқу-тәрбие жұмысы үшін барлық қажетті жұмыстар атқарылады.

Сарай, шын мәнінде, елорданың шығармашылық, ғылыми, рухани, мәдени және спорттық өмір орталығы. Онда күн сайын балалар мен жасөспірімдер тәжірибелі жетекшілер мен кәсіби мұғалімдер көмегімен жаңа білім игеріп, дамиды. Оқушылар сарайында 341 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде қосымша білім беретін 207 педагог жұмыс істейді. Олардың арасында ҚР білім беру саласының құрметті қызметкерлері, Ыбырай Алтынсарин атындағы медаль иегерлері, педагог-зерттеушілер, ғалымдар, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым, мәдениет

және спорт қайраткерлері бар.

Оқушылар сарайының жас спортшылары жыл сайын әлем, Еуропа, Қазақстан чемпионаттарында бақ сынайды және тұтырға жиі көтеріледі, халықаралық республикалық конкурстарға қатысып, гран-при иегері, лауреат, дипломант атанып жүр.

Орталықта интерактивті парк секілді ірі жобалар іске асты. «Жазғы демалыс академиясы» жобасы, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Аяла» әлеуметтік жобасы, аналарды қолдауға арналған «Бақыттың 8 кілті» оқыту жобасы, «Білім шыңы» ғылыми жобасы және тағы да басқа жұмыстар іске асты.

Оқушылар сарайы – Астана қаласы бойынша «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалысының координациялық орталығы. «Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан!» атты Тәуелсіздік күніне арналған зиялылар халықаралық жарыс, дарынды балаларға арналған ғылыми жобалар бойынша республикалық байқау дәстүрлі түрде өтіп жүр.



2021 жылы «Sana» креативті білім беру орталығы ашылып, қала мектептерімен тығыз байланыста бірқатар жұмыс атқарылуда. Платформалар 7 жастан 17 жасқа дейінгі балалар үшін шығармашылық және зияткерлік мүмкіндіктерді дамыту мақсатында жұмыс істейді.

Қосымша білім беру үйірмелері ашылғалы бері көптеген жетістікке жетті: «Тұмар» би ансамбліне «халық би ансамблі» атағы берілді, «Бал биі» ансамблі әлем және Еуропа чемпионы атанды. «Үлкен теннис» секциясының тәрбиеленушілері Қазақстанның

бірінші және екінші ракеткасы атағын жеңіп алды. «Нұршашу», «Гәкку», «Керім-ай» хореография ұжымдары және жас вокалистер балалар шығармашылығының халықаралық және республикалық конкурстарының жеңімпазы атанды. Ал Оқушылар сарайы «Республиканың үздік қосымша білім беру ұйымы» атағы және тағы да басқа секциялардан жүлделі орындар иеленді.

Пейман ПУРАФШАРИ:

«АСТАНА ЗАМАНАУИ МЕГАПОЛИСКЕ АЙНАЛДЫ»

Астана туралы шетелден келгендердің, оның ішінде елордада ғылым-біліммен айналысып, шәкірт даярлап жатқан оқытушылардың пікірін тыңдау маңызды. Назарбаев университетінің Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебінің профессоры, Ираннан келген Пейман Пурафшаримен сұхбаттасқан едік.

– Пейман Пурафшари мырза, елордамыздың 25 жылдығына қатысты дамуы, сәулеті, мәдениеті, өркендеу жолдарын қалай бағамдар едіңіз?

– Менің ойымша, Астана жаңа қала ретінде тез арада әдемі және заманауи мегаполиске айналды. Осында тұрып жатқаным бес жыл болды. Осы уақыт ішінде мен қаланың сәулеті, мәдениеті және жалпы әл-ауқатында айқын көрінетін елеулі және әсерлі жетістіктердің куәсі болдым. Қалаға заманауи және жарқын атмосфера беретін жаңа ғимараттар салынууда. Астана туралы мені әрқашан баурап алатын бір аспект бар ол – қаланы жарықтандыруды көркем қолдануы дер едім. Қаланың түнгі жарығы шынымен әдемі, бұл елорданы мен барған басқа қалалардан ерекшелендіреді. Сондықтан әрқашан қаланың өзіндік жаны бар екенін сезінемін!

Астана сияқты заманауи қала үшін тиімді мемлекеттік қызметтер мен қолжетімді көлік жүйелерінің болуы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Мен жергілікті биліктің үздіксіз күш-жігерін мойындаймын, бірақ, әсіресе, қала тұрғындарының күн сайын көбеюіне байланысты, ұтқырлық пен ыңғайлылықты қамтамасыз ету үшін жаңа жолдар мен қоғамдық көлік қызметтерін көбірек дамытуды ескеру қажет деп ойлаймын.

– Иран қазіргі уақытта ол – әлемде туристер ең көп келетін 10 қызықты елдің қатарына кіреді. Екі ел арасындағы туризм арқылы қарым-қатынас мәселелерді қаншалықты шешілген деп ойлайсыз?

– Мен – 80 миллионнан астам халқы бар елден келген ирандықпын. Ирандықтар, әсіресе отаннан онша алыс емес елдерге көп саяхаттайды. Жақында Қазақстан мен Иран арасындағы визадан бас тарту туралы келісімге қол жеткізілді, бұл жол жүруді айтарлықтай жеңілдетеді. Мысалы, сол кезден бастап менің туыстарым келіп, тұрып жатқан жерімді көріп, аралап кетуге мүмкіндік алды. Дегенмен, менің ойымша, Қазақстан, атап айтқанда, Астана басқа елдерден келгендер үшін әлі де бейтаныс. Мәдени қарым-қатынас арқылы елді көбірек таныстыру шетелдіктерді Астанаға саяхаттауға ынталандыруға көмектеседі. Менің отбасым сияқты келушілер де елордаға қызығып, жақсы әсер алып, тамашалайтынына сенімдімін!

– Сіздердегі үлкен шаһарлардан жас елорда нені үйренуге болар еді?

– Үлкен қалаларда өмір сүру ауыр трафик пен ластану сияқты



заманауи мәселелерге тап болады. Бұл мәселелер Астанада ауа райының қолайсыздығына және қаладағы энергияны тұтыну үлгісіне байланысты күрделірек. Қала енді үлкейіп келеді, сондықтан тиісті шешімдерді бастау үшін дүние жүзіндегі басқа қалалардың тәжірибесін зерделеу керек деп есептеймін. Осындай жоспар болса, тұрақты көлік жүйелерін, энергияны үнемдейтін тәжірибелерді және қаланың жылдам өсуінің ықтимал қиындықтарын жеңілдетуге болады.

– Астанадан алған алғашқы және кейінгі әсеріңізбен бөлісеңіз? Елордалықтар Сіз үшін несімен ерекше?

– Қазан айында Астанаға алғаш рет келгенім әлі есімде, ауа райының суық болғаны соншалықты, көшелер мұзға айналғандай әсер ететін. Аздап қорықтым да. Алайда адамдардың бауырмалдығы мен жылы лебізін, қонақжайлылығын тез байқадым. Бұл мені үйдегідей сезіндіруге ықпал етті. Қала өте қауіпсіз, әсіресе мен тұратын сол жағалауда еркін қыдыруға болады. Күндіз-түні, кез келген уақытта көшеде қорықпай алаңсыз жүре аламын. Ол негізінен мәдениетті, заман талабына сай, сыпайы, жауапкершілігі мол халықтың мінез-құлқына байланысты деп ойлаймын.

– Қазақтың қандай салт-дәстүрімен таныстыңыз, тілін үйренуге талпындыңыз ба?

– Менің көптеген қазақ достарым бар, осы достық арқылы мәдениеттің айрықша элементтерін ұғындым. Достарым үшін отбасы бірінші орында тұрады, салт-дәстүрді сақтау да маңызды. Наурыз мейрамын тойлайтын елден келгендіктен, мені көктемде өтетін барлық фестивальдер ерекше қызықтырады. Өкінішке қарай, Астанадағы қазақ достарым ағылшын тілінде еркін сөйлейтіндіктен, қазақ тілін әлі

үйрене алмадым, бірақ жақын арада қазақ тілінің қыр-сырын меңгеруді басты мақсат етіп қойдым.

– Астананың қай жерлерінде серуендегенді ұнатасыз? Елорданың қай жыл мезгілі ұнайды?

– Нұржол бульвары – жиі баратын сүйікті орным. Мен сол жерге барып қана қоймай, жақсы атмосферада серуендеп жүрген адамдар мен отбасыларды бақылауды ұнатамын. Астананың қысқа көктемнің жақсы ауа райында серуендеу әлдеқайда жағымды болса, мен үшін бульвар қыста да жұмбақ болып көрінеді, ұнайды.

– Елорданың ерекшелігі қайсы, кемшіні тұсы қандай? Астананың 25 жылдығына қандай тілек айтар едіңіз?

– Мені таң қалдыратын нәрсе – құбылмалы ауа райының қала тұрғындарының өмір салтына қалай әсер ететіні. Көктем мен жазда қаланың кез келген жерінде балалардың ойнап жүргенін, қаланың әсем табиғатын тамашалаған отбасыларды байқайсыз, ал қыста қаланың келбеті мүлде басқаша. Осындай ерекше жағдайды ескере отырып, қаланың қақпағы қысында да халыққа қызмет етіп, қуаныш сыйлап, жігерлендіретін нысандарды көптеп жобалап, дамыту керек. Елорданың маңызды кемшілігін айта алмасам да, мен осында тұрып жатқан бес жыл ішінде қаладағы көлік қозғалысының біртіндеп артып келе жатқанын байқадым, бұл мәселені шешуге ұмтылу керек деп ойлаймын.

Астана мен үшін нағыз жылы ұя болды, шын жүректен қазақ еліне бар жақсылықты тілеймін. Елорда алдағы уақытта заманауи және экологиясы жақсы, таза қалаға айналады деп сенемін.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



САЯБАҚТАР САЯСЫНДА


Қауырт жұмыстан шаршағанда таза ауаға шығып, жасыл желек арасында серуендегенге не жетсін?! Көпшіліктің көңіл сергітіп, күйкі тірліктен бір сәтке болса да тынығуына мүмкіндік беретін саябақтар бүгінде елордада көбейіп келеді.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Күннен-күнге көркейіп, көз алдымызда гүлденіп келе жатқан бас шаһарда жылдағы дәстүр бойынша биыл да аулалар абаттандырылып, саябақтар мен скверлер қалыптасу келтірілуде. Қаланың барлық ауданында соңғы жылдары 750-ден астам аулалар мен қоғамдық кеңістіктер, саябақтар, скверлер мен бульварлар абаттандырылды. Тек, тұрғын алаптарда 300-ге жуық аулалар мен қоғамдық кеңістіктер жаңартылып, ел игілігіне ұсынылды. Жаңа Бас жоспарда қаланы абаттандыруға ерекше назар аударылды. Бұл ретте қалалық саябақтар мен скверлерді қайта жөндеу, қала көшелерін көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктер мен қасбеттерді біркелкі дизайн-кодқа келтіру жұмыстары қолға алынууда. Қала әкімінің айтуынша, жыл басынан бері елордада 42 аула және 2 қоғамдық кеңістік және «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 34 аула абаттандырылды.

Қазіргі таңда тұрғындар бос уақытты үйде емес, таза ауада өткізуді қалайды. Осы орайда, елордалықтардың серуен құрар орындары жетерлік. Олардың отбасымен жиі барып демалатын сүйікті орындарының бірі – орталық саябақ. Бұл – шын мәнінде бала-шағаман гана емес, достармен де ашық аспан астында бас қосып, шынығып, спортпен айналысуға таптырмас орын. Мұнда қала қонақтары мен шаһар тұрғындарының түрлі аттракциондарға отырып, ойын автоматтарында ойнауына, 7D өлшемдегі кинотеатрына, амфитеатрға барып, бас сейнде жүзуіне, велосипед теуіп, жүгіруіне және ерке Есіл жағалауында алаңсыз серуендеп, тиімді демалуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Жыл маусымдары ауысқан сайын саябақтың ұсынар қызықтары өзгеріп тұрады. Қыста орталық саябақта шаңғы теуіп, мұз айдынында конькимен сырғанау үшін қажетті шаңғы мен конькиді, велосипед пен самокатты, роликтер мен балаларға арналған ойын көліктерін жалға алуға болады. Бұл саябақта әр келушінің қалауы мен таңдауына қарай дәм ұсына алатын кафелер мен мейрамханалар да жеткілікті. Ересектерді балалық шаққа жетелеп, балдырғандарға көтеріңкі



көңіл күй сыйлайтын тәтті мақта мен балмұздақ сататын дүңгіршектер де өте көп.

Абай даңғылы мен Желтоқсан көшесінің қиылысында орналасқан «Достық» саябағын, Тіленді-Ев даңғылының бойындағы «Көктал» саябағын, Тәшенев және Амман көшелерінің қиылысында орналасқан Жамбыл Жабаев атындағы саябақты қосуға болады. Бас қалада саябақтар қатары жыл өткен сайын артып келеді. Алдағы уақытта Астананың 25 жылдығы күніне орай Егемен Қазақстан көшесі мен Кенесары көшесінің қиылысында «Журналистер» саябағы бой көтереді. Болашақта бұл тек қаламгерлер бас қосатын орын емес, көпшілік тынығатын құтты мекенге айналары анық.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

СЕБЕП ЖӘНЕ САЛДАР

Әлемнің ірі-ірі мегаполисінің тұрғындары көлік кептелісінде ұзақ уақытын өткізуге мәжбүр. Жалпы көлік кептелісі түрлі себептен орын алады. Мәселен, 1980 жылы Лион мен Парижді жалғайтын жолдағы көлік кептелісі 175 шақырымға созылды. Оған Альпідегі мейрамнан қайтқан тұрғындар, қалың тұман себеп болып, соның салдарынан адамдар күн ұзақ көліктің ішінде отырды. 1990 жылы «Берлин қабырғасы» құлап, Германияның шығысындағы немістер батысқа, ал батыстағылар шығысқа қарай бет алып, соның нәтижесінде көлік кептелісіне 18 миллион автокөлік шоғырланды. 2010 жылғы Қытай ұлттық шоссесіндегі кептелісте жүргізушілер 5 тәулікке дейін тұрып, күніне 1 шақырым ғана қозғалды. Осындай жол кептелісінен адамдар жылына 45 жұмыс күнін жоғалтады екен.

Мегаполистер көлік кептелісімен бетпе-бет келіп, оны шешудің түрлі жолын қарастырады. Мәселен, көлік нөмірі тақ санмен аяқталса аптаның тақ күні, керісінше, жұп санмен аяқталса жұп күні жүру тәртібі енгізілді. Мұндай тәсіл Афина мен Пекин қаласының тәжірибесінде бар. Тіпті көлік сатып алуға және оны тіркеуге шектеу қойып, қоғамдық көлік желісін дамытуға көңіл бөліп, ақылы жолдар мен ақылы тұрақтар арқылы кептелісті шешетін елдер бар. Көпдеңгейлі жол желісін салу арқылы мәселені жеңілдетуге мән беруде Жапония, Қытай, АҚШ-ты ерекше атауға болады. Онда транзиттік көліктер жоғары қабаттағы жолмен қаладан шығады.

Көлік кептелісімен әйгілі Пекин, Манчестер, Мәскеу, Мехико, Париж және тағы басқа қаладағы автокөлік жүргізушілері күнделікті 6-9 сағат уақыттың кептелісте өткізсе, астаналықтар 20-30 минут бағдаршам алдында тұрғанына наразы. Әрине, бұл мақтанатын нәрсе емес.

Жалпы автокөлік кептелісі неден туындайды? Басты себеп – көшелердің көлік ағымын өткізуге қабілетті болмауы. Көшенің негізгі функциясы – кез келген елді мекендегі үйлердің арасында адамдар мен көліктердің өте алатын кеңістігі. Бұл кеңістік адамның күнделікті сұранысы мен қажетін өтейтін болғандықтан оның тағдырына, көңіл күйіне, денсаулығына, еңбек өнімділігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан көшелер тұрғын үйлердің орналасу жиілігіне, әлеуметтік нысандардың сыйымдылығына байланысты мейлінше кең болғаны дұрыс. Міне, елордада осы жағынан кемшілік бар.

Жыл өткен сайын Астана қаласында тұрғындар санымен бірге көлік саны артып келеді. Астана қаласының Полиция департаменті ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2022 жылы 404 мың көлік тіркелсе, 2023 жылы мамыр айында бұл көрсеткіш 420 мыңға жетті (2019 жылы 264 мың автокөлік болды). Бұған іргелес ауылдар мен аудандардан келіп жұмыс істейтін мыңдаған адамды және қонақ ретінде келіп-кететін жүздеген жүргізушіні қоссаңыз, бас қалада күнделікті 700-800 мың автокөлік көшелерде қатынайды. Ал қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы ұсынған мәліметте елордада жалпы ұзындығы 868 шақырымды құрайтын 1129 көше бар делінген. Бұл көшелердің көлікті өткізу қабілеті әртүрлі. Бірі екі жолақты, екіншісі төрт және бес жолақты болып келеді.

Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Нұрлан Уаев былай дейді:

ЖОЛ КЕПТЕЛІСІ: ҚАЛАЙ, ҚАЙТІП ШЕШІЛЕДІ?

Көлік кептелісі. Білген адамға мұның зияны көп. Біріншіден, құнды уақытыңызды жоғалтасыз. Екіншіден, денсаулығыңызға кері әсер етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте елордадағы көлік кептелісі мен ретсіз автотұрақ туралы сынаған-ды. Бұл мәселелер қалай шешіледі? Мұның анық-қанығын мамандардан білдік.



– Оң және сол жағалауды жалғайтын негізгі көлік жолдарында кептеліс жиі байқалады. Әсіресе Мәңгілік ел, Қабанбай батыр және Тұран даңғылын айту керек. Ведомстволық мекемелер көптеп орналасқан Д.Қонаев, Достық, Сарайшық көшесі, оң жағалауда бюджеттік және кәсіпкерлік субъектісі көп шоғырланған Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, Бөгенбай батыр даңғылында көлік ағымы жоғары. Әсіресе таңертеңгі сағат 8:30-10:00-ге дейін, кешкісін 17:30-19:00 аралығында кептеліс жиі орын алады.

ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Әріптесім Ғалым Қожабеков Ташкент қаласында бокстан өткен әлем чемпионатын көріп келді. Оның сөзінше, Өзбекстанның саяси орталығында 4 миллион адам тұрады. Алайда көшелерінде көлік кептелісі жоқ. Жердің астында метро, үстінде LRT-мен көздеген жерге оңай жетесіз. Ерте ме, кеш пе, Астана қаласындағы көлік нөпірін шешуде метро салуға тура келеді-ау! Болмаса, Шанхай, Лос-Анджелес, Осака қаласының тәжірибесіне сүйеніп, көпқабатты көпірлер, жолайырықтар мен өткелдер салу міндеті менмұнда лап тұр.

Шынында, көлік ағымы жоғары деп осылай отыра берсек, бірнеше жылда көлік кептелісінде сағаттап уақыт жоғалтатын боламыз. Мұндай ойды елорданың тұрғыны Құттыбек Әлиев айтты.



– Иманғали Тасмағамбетов Астана қаласының әкімі болып тұрған жылдары көлік нөпірін азайту бағытында Республика және Тәшенов көшесі түйісетін тұста жоласты өткелі мен айырықты пайдалануға берді. Одан бөлек, Астана қаласын айналдырған өтетін үлкен жолға бастамашы болды. Мұның бәрі – көлік кептелісін азайтуға бағытталған бастамалар. Өкініштісі, бұл мәселе әлі шешіліп жатқан жоқ. Ең болмаса, Тұранды көпжолалы, кең көше етуге болатын еді ғой! Мәңгілік ел даңғылында көлік кептелісі неге азаймайды? Оның жауабы оңай, бас көшенің Сығанақпен қиылысатын тұстағы жоласты өткеліне келгенде жолақ саны қысқарады әрі көше бойында тұрғын үйлер тығыз салынған, тіпті жолдың жиегіне дейін құрылыс жұмысы жүруде, – деді қала тұрғыны Құттыбек Әлиев.

Қазір Мәңгілік ел, Тұран даңғылы бойында тұрғын үйлер құрылысы қарқынды. Бұл аймақтарда қосымша мектеп, балабақша, емхана, спорт кешенінің құрылысын жүргізу қажеттілігін туындатады. Бұл өзі тар көшелерде көлік ағымын көбейтеді. Өйткені оқушылар демалысқа шыққан кезде кептеліс белгілі бір деңгейде азаятынын көріп жүрміз.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасынан көше кептелісін азайтуға арналған жоспар-жобасын білдік.

– Көлік кептелісін шешудің бір тәсілі – интеллектуалды көлік жүйесі. Бұған көлік қозғалысының жылдамдығы мен қозғалыс динамикасының статистикасы жүргізетін бағдаршам кіреді. Бұл бағдаршамдар көлік ағымына сай бейімделіп отырады. Мұндай интеллектуалды көлік жүйесімен қамту бағдаршамы елорданың жалпы бағдаршамының 41 пайызын құрайды, – дейді басқарманың бөлім басшысы Тұрсынғали Жәкенов.

Автокөлікті өткізу қабілетін арттыру мақсатында Ш.Бейсекова мен Н.Тілендиев көшесінің қиылысында екі деңгейлі көлік айырығының құрылысы жүргізілуде. Быыл Тәуелсіздік даңғылындағы Есіл өзені арқылы өтетін автомобиль көпірі ашылды. Бұл көпір «Нұрлы жол» теміржол вокзалы аумағы мен Тәуелсіздік даңғылын байланыстырып, Мәңгілік ел көшесіндегі көлік ағымының қозғалысы төмендеуіне де әсер етеді, – деп түсіндірді маман.

Астанаға «ақылды» қаланың нысандары еніп, тұрғындарға жайлылық тудырғанын құптаймыз. Алайда Smart city үдерісі бағдаршам жүйесімен ғана шешілмейтіні анық. Ол үшін көшелерді кеңейтіп, тұрғындарды жолдан қауіпсіз өткізетін жоласты және жолүсті өткелдерін жүргізу керек-ақ. Опера және балет театры алдындағы жерасты өткелі, «Шапағат» коммуналдық базары маңындағы Бөгенбай батыр көшесінің астынан өтетін жоласты өткелі, А.Бараев көшесінің бас жағындағы жолүсті өткеліндегі нысандарды көбейту маңызды. Әзірге бұл бағыттағы жұмыстар жол жолағын тарылту есебінен атқарылууда. Бұл туралы полиция полковнигі Нұрлан Уаев былай дейді:

– Көлік ағымы жоғары үш учаске – Мәңгілік ел, Ұлы дала, Сарайшық бойында кептеліс уақытында «жасыл толқын» іске қосылады. 246 учаскеде қиылыс алдында тоқтаусыз оңға бұрылуға мүмкіндік бар.



Көлік кептелісін шешудің бір тәсілі – интеллектуалды көлік жүйесі. Бұған көлік қозғалысының жылдамдығы мен қозғалыс динамикасының статистикасы жүргізетін бағдаршам кіреді. Бұл бағдаршамдар көлік ағымына сай бейімделіп отырады. Мұндай интеллектуалды көлік жүйесімен қамту бағдаршамы елорданың жалпы бағдаршамының 41 пайызын құрайды

Бас қаланың басты көшелерінде жолақты тарылту есебінен қозғалыс жолағының саны артты. Мәселен, Сарайшық көшесі 9-ға, Тұран мен Мәңгілік ел даңғылы 7-ге, Қабанбай батыр даңғылы 5-ке дейін жолақ саны көбейді. Елорданың орталық көшелерінде жүк көлігінің қозғалысына шектеу қойылды, – деді.

АВТОТҰРАҚ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Астана қаласында көпқабатты жабық автотұрақтар санаулы ғана. «Астаналық базарға» іргелес көпқабатты автотұрақ базарға келіп-кетушілердің ағымын азайтуға септігі тиіп тұр. «Сенім» тұрғын үй кешеніне (М.Нәрікбаев көшесі, 9-үй) қарасты 10 қабатты 500 көлікке арналған Manhattan-4

P.S: Елордалықтардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Сонымен қоса қоғамдық көлік, жеке көлік пайдаланушылар саны артып отыр. Қала инфрақұрылымын алдын ала жоспарламағаннан көлік кептелісі жиі орын алуда. Егер кептелістің алдын алуды бүгіннен бастамасақ, ертең тым күрделене түсетіні анық.

ЖАМБЫЛДЫҚ БАЛУАН – «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ»

Қазақстан жанкүйерлері асыға күтетін жарыстың бірі қазақ күресінен өтетін «Қазақстан барысы» турнирі болды. Биыл елорда төрінде төселген боз кілемде 41 балуан бағын сынады.



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен, республикалық қазақ күресі федерациясы ұйымдастыратын байрақты бәсекеге қатысушылар саны биыл көбейді. Олай болатыны жаңадан ашылған облыстардың балуандары да күреске қосылды.

Түсте басталған алапат белдесулердің ақтық бөлігіне, әдеттегідей, төрт балуан іріктеліп шықты. Алдымен турнирдің қола жүлдесі сарапқа салынды. Бұл белдесуде павлодарлық Мұхтар Дәлелханұлы жеңіске жетті. Ал ақтық сында барлық қарсыласын қоғадай жапырып

келген жамбылдық Ғалымжан Қырықбай мен «Әскер барысы» Нұрдәулет Жарылғапов жолықты. Күнімен күрескен балуандар бұл жолы бірінші кезекте қателік жібермеуге тырысты. Осылайша аңдысып өткен күрестің негізгі уақыты тең аяқталды. Ал белдесу бәсекесінде Ғалымжан Қырықбай айласын асырып кетті. Сөйтіп ақтаулық балуан «Қазақстан барысы» атағын жеңіп алды. Ал Қазақстан Қарулы күштерінің намысын қорғаған Нұрдәулет Жарылғапов күміс жүлдеге қол созды.

«Барыстардың» бәсекесін тамашалаған Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов пен Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, сонымен қатар, қазақ күресінің ардагерлері жеңімпаз балуандарды жеңісімен құттықтап, жүлдені табыс етті.

Биылғы жарыстың жалпы жүлде қоры 40 миллион теңге болды. Ал «Қазақстан барысы-2023» жеңімпазы 25 миллион теңге сыйақыны қанжығасына байлады.



Бас қалада биыл екінші рет ұйымдастырылған «Elorda cup» халықаралық турнирінің жеңімпаздары анықталды. Бұл жарыста Қазақстаннан 8 боксшы топ жарды.

«ELORDA CUP» – БОКСШЫЛАР АЙҚАСЫ



Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, Спортты дамыту дирекциясы, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан бокс федерациясының ұйымдастыруымен Beeline Arena спорт кешенінде ерлер мен әйелдер арасында өткен турнирде Өзбекстан, Қытай, Таиланд, Бахрейн, Үндістан, Моңғолия, Тәжікстан және Қазақстан боксшылары қолғап түйістірді. «Самұрық Қазына» АҚ, «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» корпоративтік қоры демеушілік көрсетті.

Ерлер арасындағы бәсекеде мынадай нәтиже тіркелді: Қазақстан – 8 алтын, 9 күміс, 14 қола; Өзбекстан – 3 алтын, 1 күміс, 3 қола; Қытай – 1

алтын, 1 күміс; Тәжікстан – 1 алтын, 2 қола; Таиланд – 1 күміс, 2 қола; Бахрейн – 1 күміс; Үндістан – 3 қола; Моңғолия – 1 қола.

Әйелдер арасында әр салмақтағы чемпиондар:

48 кг – Алуа Балқыбекова, 50 кг – Назым Қызайбай, 52 келі – Ву Ю (Қытай), 54 кг – Жайна Шекербекова, 57 кг – Виктория Графеева, 60 кг – Римма Волосенко, 63 кг – Янг Ченгу (Қытай), 66 кг – Наталья Богданова, 70 кг – Жасмин Қизатова, 75 кг – Ли Кьян (Қытай), 81 кг – Ванг Лина (Қытай), +81 кг – Елдана Талипова.

Ерлер арасында әр салмақтағы чемпиондар:

48 кг – Теміртас Жүсіпов, 51 кг – Сәкен Бибосынов, 54 кг – Тимур Қабдешев, 57

кг – Махмұд Сабырхан, 60 кг – Дильшод Абдумуродов (Өзбекстан), 63,5 кг – Ертуған Зейнуллинов, 67 кг – Шамшер Саидов (Тәжікстан), 71 кг – Хавасбек Асадуллаев (Өзбекстан), 75 кг – Нұрқанат Райыс, 80 кг – Тоқтарбек Таңатхан, 86 кг – Абзал Құттыбеков, 92 кг – Сағындық Тоғамбай, +92 кг – Жахонгир Зокиров (Өзбекстан).

«Elorda cup» турнирінің үздік боксшысы болып Махмұд Сабырхан (57 кг) танылса, әйелдер арасында бұл атақ қытайлық Янг Ченгуге (63 кг) бұйырды.

Турнир жеңімпаздарына 700 АҚШ доллары, күміс жүлдегерлерге 400 АҚШ доллары, қола жүлдегерлерге 200 АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы берілді.

IRONMAN – БҰҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС

Астананың Триатлон саябағында 60 ел спортшыларының IRONMAN сайысына биыл әлемнің түкпір-түкпірінен 1200-ден аса спортшы жиналды.

Бұқаралық жарыстың салтанатты ашылуына Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, елорда әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев, VI Group директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, «Freedom Life» компаниясы директорлар кеңесінің мүшесі Азамат Ердесов қатысты.

«IRONMAN жарысы жыл сайын елорда төрінде ұйымдастырылып келе жатыр. Биылғы жарысқа 1200 қатысушы тіркеліп,

оның 400-і шетелден келген. Алдағы уақытта бұл айтулы іс-шара жалғасын табады деп сенемін» деп атап өтті Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов өзінің құттықтау сөзінде.

Шетелдік қатысушылардың көпшілігі Үндістаннан келді – 150 спортшы. Сондай-ақ Ұлыбритания, Германия, Польша, Швейцария, Италия, АҚШ сияқты елдерден де көптеген спорт турісі келді.

Жарыстың ең жас қатысушы-

сы – 18 жаста, ал ең егдесі 76 жастағы Марат Балтабаев болды.

«Триатлон сайысына (1,9 шақырым жүзу, 90 шақырым велосипедпен жүру, 21 шақырым жүгіру) қатысуды жоспарлап отырмын. Негізі, былтыр осы белесті бағындыруым керек еді. Алайда жарыс басталмас бұрын бір жігіттің гидрокостюммен жүзген ыңғайлық деген кеңесін тыңдап, алғаш рет киіммен жүзіп едім. Бірақ гидрокостюм ыңғайсыз болып, жарысты ерте



аяқтауға мәжбүр болған едім. Биыл бұл қателікті қайталамай, жарыс мәресіне жетуді көздеп отырмын» деді өзінің ерік-жігерімен көпшілікке үлгі болып жүрген Марат Балтабаев старт сызығының алдында тұрып.

Биыл жарыстың қашықтығы 2-ге бөлінді, атап айтқанда, жартылай – 1,9 шақырымға жүзу, 90 шақырымды велосипедпен өту, 21 шақырымға жүгіру. Екінші бөлігі – толық қашықтық бойын-

ша, яғни 3,8 шақырымға жүзу, 180 шақырымды велосипедпен өту, 42 шақырымға жүгіру.

IRONMAN жарысы биыл Астанада төртінші рет ұйымдастырылды. Қатысушылар саны жылдан-жылға көбейіп отыр. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломмен, алтын, күміс және қола медальмен марапатталды. Сондай-ақ демеушілер есебінен бағалы сыйлықтарға ие болды.

12



№78 (4511) 04/07/2023 Сейсенбі

📅 4.07
🕒 19:00

«ҚАЗАҚ ЖӘДІГЕРЛЕРІ»
«НАЗ» мемлекеттік би
театрының концерті

📍 Жастар сарайы

📅 4.07
🕒 17:00, 20:00

«Әзіл әлемі»
музыкалық
әзіл-сықақ кеші

📍 «Астана»
концерт залы

📅 6.07 🕒 10:00

«Алтын мұра» мерекелік концерті

📍 Бейбітшілік және
келісім сарайы

📅 5.07
🕒 18:00

«Елорда әуені»
шоу-концерті

📍 Амфитеатр

📅 6.07
🕒 10:00

Бәйге түрлерінен
республикалық
турнир

📍 «Қазанат»
атшабары

📅 6.07
🕒 18:00

OPEN AIR
ашық аспан
астындағы
мерекелік
концерт

📍 ЭКСПО алаңы

📅 5, 8-9.07
🕒 19:00

«Қыз Жібек» мюзиклі

📍 Музыкалық жас
көрермен театры

ПРЕМЬЕРА
ҚЫЗ ЖІБЕК

📅 4, 7.07
🕒 16:00

«Қаңбақ шалдың
оқиғалары»

📍 Абу-Дави Плаза

📅 6-8.07

МЕРЕКЕ STREET
фестивалі

📍 Орталық саябақ

📅 5-6.07
🕒 15:00

«Гүл шаһары –
Астана»
республикалық
суретшілер пленэрі

📍 ЭКСПО алаңы

📅 6.07
🕒 16:00

«Толағай»
алыптар сайысы

📍 Орталық
саябақтың
автотұрағы

📅 6.07
🕒 11:00

«Думанды Астана»
мерекелік концерті

📍 Астана қаласының
маңындағы аудандар

📅 7.07
🕒 11:00

Кітап фестивалі

📍 ЭКСПО алаңы

📅 6-9.07
🕒 16:00

«FRANKE SHOW»

📍 Астаналық цирк

📅 7-8.07
🕒 17:00

Astana Jazz Fest

📍 Амфитеатр



Газет ҚР Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитетінде
23.05.2018 ж. тіркеліп,
№17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі:
«Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №78

Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

📞 Кабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

📧 aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ